

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру қағидаларын және қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша зерттеп-қарау актісінің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2/175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 сәуірде № 10683 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 321 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.10.2020 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12-5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру қағидалары;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша зерттеп-қарау актісінің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы

С. Омаров

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 9-2/175 бұйрығына
1-қосымша

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құру және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) агент - жалғыз акционері мемлекет болып табылатын, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық холдингтің құрамына кіретін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам;

2) қолайсыз табиғат құбылысының фактісі бойынша зерттеп-қарау актісі (бұдан әрі - зерттеп-қарау актісі) Заңда талаптары көзделген, егістің ішінара немесе толық жойылуы мен қолайсыз табиғат құбылыстарының әсері арасындағы себеп-салдарлық байланысты растайтын құжат;

3) өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өсімдік шаруашылығын дамыту саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе оның пайдасына шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндетті заңды тұлға;

5) сақтанушы - өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және сақтандырушымен немесе өзара сақтандыру қоғамымен міндетті сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

6) өсімдік шаруашылығындағы өзара сақтандыру қоғамы - өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында өз мүшелерінің мүлдіктік мүдделерін өзара сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында тұтыну кооперативінің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға.

2. Қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібі

3. Сақтанушыдан комиссия құру туралы өтініш алған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өтінішті комиссия құру туралы өтініштерді тіркеу журналына тіркейді.

Өтініштің көшірмесі қабылданған күні мен кіріс нөмірі белгісімен сақтанушыға қайтарылады.

4. Сақтанушыдан өтініш алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімімен қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құрылады.

5. Комиссияның құрамы, оның төрағасы және хатшысы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімімен айқындалады.

Комиссияның құрамына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының, агенттің, сақтандырушының немесе қоғамның және сақтанушының өкілдері кіреді.

6. Комиссия құру туралы шешім қабылданғаннан кейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы бір жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органға, агентке, сақтандырушыға немесе қоғамға және сақтанушыға комиссияның жұмысын ұйымдастыру туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Хабарламада сақтанушының мекен-жайы, оның өтінішін тіркеу нөмірі мен күні, сақтанушының өтінішінде көрсетілген қолайсыз табиғат құбылысының түрі, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі қаулысының нөмірі мен күні, сондай-ақ қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарды байқап қарауды жүргізу күні, мерзімі және орны көрсетіледі.

Комиссияның зерттеп-қарау үшін шығу мерзімі комиссия құру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей белгіленеді. Сақтанушыны қоспағанда, комиссия мүшелерінің қандай да бірі оларды тиісті түрде хабардар еткенде болмаған кезде комиссия зерттеп-қарауді жүргізеді және комиссия хатшысы комиссия мүшесінің болмауы фактісін зерттеп-қарау актісінде белгілейді.

7. Қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарды зерттеп-қарау кезінде сақтанушы комиссияға:

1) егістіктердің картасын (схемасын);

2) Заңның 5-бабы 2-тармағының 12-6) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша қолайсыз табиғат құбылысының болуы фактісін растайтын гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне сәйкес қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасын (бұдан әрі - анықтама) (егіске ұзақ мерзімді қолайсыз табиғат құбылысының әсері жағдайында);

3) гидрометеорологиялық қызмет органына және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға берілген өзіне қабылданған күні туралы белгісі бар анықтама беру туралы өтініштің көшірмесін (егіске қысқа мерзімді қолайсыз табиғат құбылысының әсері жағдайында) ұсынады.

8. Комиссия сақтанушы мәлімдеген егістік алқабын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 316 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде № 4707 болып тіркелген) бекітілген Егістіктің жойылған алқаптарын анықтау әдістемесі бойынша зерттеп қарайды және зерттеп-қарау нәтижелері бойынша өсімдік шаруашылығы өнімінің: толық немесе ішінара жойылу дәрежесін айқындайды.

9. Комиссия зерттеу нәтижелері бойынша зерттеу күні қолайсыз табиғат құбылысының әрбір фактісі жеке немесе олардың жиынтығы және өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі бойынша үш данада зерттеп-қарау актісін жасайды.

Зерттеп-қарау актісіне барлық комиссия мүшелері қол қояды, содан кейін агенттің, сақтандырушының немесе өзара сақтандыру қоғамының және сақтанушының өкілдеріне беріледі.

Егер комиссия мүшелерінің біреуі қабылданған шешімге келіспеген және зерттеп-қарау актісіне қол қоймаған жағдайда, ол комиссияға өзінің бас тарту

себептерін жазбаша нысанда ұсынуға және оларды зерттеп-қарау актісіне қоса беруге міндетті.

10. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының өкілі - комиссия хатшысы зерттеп-қарау актісін жасауға жауапты болып табылады.

11. Комиссия мүшелерінің үштен екі бөлігінің қолдары болған кезде зерттеп-қарау актісі қабылданған болып есептеледі.

12. Сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы зерттеп-қарау актісін сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу кезінде қолданады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 9-2/175 бұйрығына
2-қосымша

Нысан

Қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша зерттеп-қарау актісі

20__жылғы " __ " _____

_____ облысы

_____ ауданы

_____ ауылы (елді мекен)

_____ (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның толық атауы)

өтініші бойынша құрылған және _____ ауданы (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің 20 __ жылғы " __ " _____ № _____ қаулысының негізінде жұмыс істейтін мынадай құрамдағы комиссия:

1. Комиссияның төрағасы:

_____ (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өкілінің Т.А.Ә.)

2. Комиссияның хатшысы:

_____ (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы орган өкілінің Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері:

1. _____

(агент өкілінің Т.А.Ә.)

2. _____

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың жергілікті атқарушы органы немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өкілінің Т.А.Ә.)

3. _____

(сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы өкілінің Т.А.Ә.)

4. _____

(сақтанушы өкілінің Т.А.Ә.)

_____ облысы _____
ауданы

_____ ауылдық округінде орналасқан _____

(сақтанушының атауы)

_____ егістік алқапты зерттеуді жүргізді
(өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі)

және мынаны анықтады:

Өсімдік шаруашылығындағы 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ міндетті
сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған егістік алқап _____
гектарды құрайды _____ 1 гектарына _____ теңге

(өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі)

нормативі бойынша сақтандырылды

р/ с №	Алқап №	Іс жүзінде сақтандырылған алқап, гектар	Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының № және жасалған күні	Қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптардың көлемі, гектар	Егістердің толық немесе ішінара жойылуын айқындай отырып, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптардың жай-күйін сипаттау
1					
...					
	Барлығы				

Тұжырым: _____

Комиссия төрағасы: _____

(қолы) (күні)

Комиссия мүшелері:

(қолы) (күні)

(қолы) (күні)

(қолы) (күні)

(қолы) (күні)

Комиссия хатшысы _____

(қолы) (күні)

Ауданның (облыстық маңызы
бар қаланың) жергілікті
атқарушы органы мөрінің орны